

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қыркүйектегі N 930 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжат; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж.; N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; 2006 жылғы 11 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 8 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот сараптамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; 2006 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі **З а ң ы**) :

- 1) 41-баптың ескертуі алынып тасталсын;
- 2) 51-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін тәркілеуге сотталған адамның меншігінен басқа, қылмыстық жолмен алынған, не қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, сотталушы адам басқа адамдардың меншігіне өтеусіз берген мүлік жатады." ;

3) 164-бап мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Осы кодекстің 164, 168-171, 233-3, 236-баптарында, 337-бабының 2 және 3-бөліктерінде, 337-1-бабында көзделген қылмыстар экстремизмнің белгілері бар қылмыстар болып танылады." ;

4) 307-баптың ескертпесі мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы Кодекстің 176-бабы үшінші бөлігінің г) тармағында, 193-бабы үшінші бөлігінің а) тармағында, 209-бабы үшінші бөлігінің а) тармағында, 307-бабында, 308-баптың 4-бөлігінің в) тармағында, 310-315, 380-баптарымен көзделген қылмыстар сыбайлас жемқорлық қылмыстар болып танылады." ;

5) 3 1 1 - б а п т а :

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Лауазымды адам, не шетел мемлекетінің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы жасаған нақ сол әрекет, сол сияқты жасаған заңсыз іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін пара алуы - " ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалса, - мүлкі тәркілене отырып жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады." ;

2-тармақтың ескертпесіндегі "тәртіптік" деген сөзден кейін "немесе әкімшілік" деген сөздермен толықтырылсын ;

ескертпелер мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Екі мың айлық көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы пайда, пара берудің аса ірі көлемі болып табылады." ;

б) 312 және 313-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

" 3 1 2 - б а п . Пара беру

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамға не оған теңестірілген адамға, сондай-ақ шетел мемлекетінің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына тікелей немесе делдал арқылы пара беру -

жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады .

2. Лауазымды адамға, не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға пара

беру, сол сияқты көрінеу заңсыз іс-әрекет (әрекетсіздік) жасағаны үшін немесе әлденеше рет, сондай-ақ лауазымды адамның пара беруі - мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер оларды :

а) жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам;
б) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ;
в) ірі мөлшерде жасаса - бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге мүлкі тәркілене отырып немесе онсыз бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалса, - мүлкі тәркілене отырып жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Е с к е р т п е .

1. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамға не оған теңестірілген адамға оның бұрын жасаған заңсыз іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада немесе құны сондай алғаш рет сыйлық беру, егер мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам жасаған іс-әрекет (әрекетсіздік) алдын ала уағдаластықпен байланысты болмаса, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

2. Егер мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адам тарапынан не оған теңестірілген адамға қатысты қорқытып пара алу орын алған болса немесе ол адам пара бергені туралы қылмыстық іс қозғауға құқығы бар органға өз еркімен хабарласа, пара берген адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

3. Осы бапқа қатысты лауазымды адамдарға осы Кодекстің 307-бабына ескертпеде көрсетілген лауазымды адамдар, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің немесе халықаралық ұйымдардың лауазымды адамдары жатады.

313-бап. Парақорлыққа делдал болу

1. Парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге пара алу мен беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе іске асыруға жәрдемдесу -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не төрт айға дейінгі мерзімге

қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Өлденеше рет немесе ұйымдасқан топ немесе адам өзінің қызмет жағдайын пайдалана отырып жасалған дәл сол әрекет -

жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не төрт жылға дейін мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

7) 363-баптың бірінші абзацындағы "аса ауыр қылмысты" деген сөздерден кейін ", сыбайлас жемқорлықты" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1997 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 153, 154, 156-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; N 21-22, 87-құжат; N 24, 123-құжат; 2006 ж., N 5-6, 31-құжат; 2006 жылғы 11 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 8 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Сот сараптамасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 4 шілдедегі Заңы):

63-баптың екінші бөлігінде "бірнеше тергеушіге тапсырады;" деген сөздерден кейін "негіздеме бар болған кезде қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы, жиырма төрт сағат ішінде прокурорды міндетті түрде хабарландыра отырып істің қысқартылғандығы және тоқтатылғандығы туралы қаулының күшін жояды;".

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., N 24, 337-құжат ; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 245; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 23-24, 192-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139, 142-құжат; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; 2006 жылғы 27 маусымда "Егемен Қазақстан және 2006 жылғы 29 маусымда "Казахстанская Правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқару өндірісінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 22 маусымдағы Заңы .):

58-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сотталған адамның меншігінен басқа, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін тәркілеуге, сондай-ақ қылмыстық жолмен табылған, не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған, сотталушы адам басқа адамдардың меншігіне өтеусіз берген мүлік жатады.".

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002. ж, N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат, N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжат; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат ; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19,20-құжат; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45; N 10, 52-құжат; 2006 жылғы 27 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 29 маусымда "Казахстанская Правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқару өндірісінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 22 маусымдағы Заңы ; 2006 жылғы 11 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 8 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот сараптамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; 2006 жылғы 11 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылы 11 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; 2006 жылғы 11 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 11 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасын жетілдіру мәселелері және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; 2006 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 334-1-баппен толықтырылсын:

"334-1-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған а қ п а р а т б е р у

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін органға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат беру - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе отыз тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға әкеп соғады.";

2) мынадай мазмұндағы 533-1-баппен толықтырылсын:

"533-1-бап. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамның не оған

теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер, не оларды ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеті (әрекетсіздігі) үшін, қызметтерді алуы, егер мұндай әрекет (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті, не оған теңестірілген тұлғаның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса, егер сол әрекеттерде қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері қамтылмаса - үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік өндіріп алу қолданғаннан кейінгі бір жылдың ішінде осы баптың бірінші бөлігінде көзделген қайталап жасалған әрекеттер - төрт жүз айлық көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 536-бап алынып тасталсын;

4) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "513-537" деген сандар "513-535, 537" деген сандармен ауыстырылсын;

5) 637-баптың бірінші бөлігінде:

"152," деген сандардан кейін "334-1," деген сандармен толықтырылсын;
("536," деген сандар алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті